



**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ
БАСТАУЫ**

Фрэнсис Бэкон



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 4. Фрэнсис Бэкон

Галилейдің замандасы, ағылшын Фрэнсис Бэкон да Аристотельге қарсы шықты, бірақ оны ғылыми әдістің практикасынан гөрі теориясы көбірек қызықтырды. 1561 жылы Лондонда дүниеге келген Бэкон Кембридждің Тринити-колледжінде білім алып, Грейс-Иннде құқықты зерттеді. Ол 1584 жылы Парламентке сайланып, кейінірек Елизавета патшайымның сүйіктісі – граф Эссекстің жақын адамдарының біріне айналды. 1598 жылы Эссекс көтеріліс жасауға дайындалғанда Бэкон оны сатқындығы үшін қудалауға белсене қатысты. Таққа І Джеймс отырғанда ол басты заңгер-кеңесші лауазымына ие болып, рыцарьлыққа ұсынылды. 1606 жылы өзінің ірі философиялық шығармаларының алғашқысын – ғылыми пәндердің жіктелуін жүйелеген «Оқытуды жетілдіру» атты еңбегін жариялады.

Бэконның мансап жолында көтерілуінің шыңы – 1618 жылы оған Лорд Верулам лауазымы беріліп, Лорд-канцлер болып тағайындалуы. Ол кең көлемде жұмыс жүргізіп, «Ұлы Реставрацияны» жүзеге асырып, білімнің барлық саласын өркендетуді жоспарлады. Оның тек екі бөлігі ғана аяқталды: біріншісі – «Оқытуды жетілдіру», екіншісі – ғылыми әдіс жайындағы негізгі еңбегі «Жаңа Органон». 1621 жылғы парламенттік тергеу барысында ол пара алғаны туралы айыптау бойынша өз кінәсін мойнына алып, әшкереленді және түрмеге қамалды. Ол басқа да ғылыми және тарихи еңбектер жазды, оларды ғылым әлемі қазір де жақсы біледі. Бэкон 1626 жылы Хайгейтте дүниеден өтті. «Ол салқындату саласындағы эксперименттер үшін өз өмірін құрбан етті, суық температура етті сақтауға ықпал ете ме деген гипотезаны тексеру мақсатында тауықтың ағзасын қармен толтырып жүргенде суық тиіп, ауырып өлді» деген аңыз бар.

«Білім беру, оқыту адам танымының үш саласына бағытталған: тарих – есте сақтауға, поэзия – елестетуге, философия – ақылға».

Поэтикалық қана емес, прозалық та сипатқа ие поэзияны Бэкон үстірт қарастырады: поэзия түрлерінің арасынан оны Эзоптың аңыздары сияқты адамгершілікті мазмұнға ие әпсаналар ғана тамсандырады. Алайда тарих пен философияны, барлық тармақтарын қамти отырып, жан-жақты қарастырған.

Тарихтың ең маңызды бөліктері – табиғат тарихы және азаматтық тарих. Біздің тарих деп атап жүргеніміз – осы «Азаматтық тарих»: Бэконның өзі VII Генрихтің билік басында отырған кезін баяндауға үлес қосқан. «Табиғат тарихы» – үш құрамдас бөліктен тұратын пән: дамушы табиғат тарихы, адасқан немесе өзгермелі табиғат тарихы, өзгертілген немесе жасалған табиғат, яғни механика тарихы. Мысалы, оған жаратылыстану ғылымдарының трактаттары, таңғажайыптар туралы жазбалар және технологиялар бойынша нұсқаулықтар кіреді. Бэконның табиғат тарихына қосқан өзіндік үлесі – зерттеу материалдарының екі жинағы: «Желдер тарихы» және «Өмір мен өлім тарихы». Оның пікірінше, «Адасқан табиғат тарихына» наным-сенімдер, дуалау мен сиқырлау туралы жазбаларды енгізу қажет, сол арқылы осыларға тән, бізден алыс жатқан тылсым күш-құдірет атаулыны табиғи себептерге қаншалықты жатқызуға болатынын анықтай аламыз. Алайда үшінші бөлім – «Механика тарихы» табиғат философиясы үшін ең іргелі де пайдалы болды. Бэконның пікірінше, оның құндылығы – ең алдымен нақты қолдануға қолайлылығы мен тиімділігінде.

Философияны жіктеуде Бэкон әуелі «Құдіретті философияны» немесе табиғи теологияны бірінші орынға қояды, ол атеизмді терістеймін дейді, алайда дінді негіздемейді. Сонан соң ол философияны табиғи және адам философиясы деп бөледі. Табиғи философия спекулятивтік немесе іс-әрекеттік болуы мүмкін: спекулятивтікке физика да, метафизика да кіреді, ал іс-әрекеттік философия механика мен магияны қатар қамтиды. Механика – физиканың іс жүзінде қолданылуы, ал магия – метафизиканың нақты қолданылуы.

Философияның мұндай өткір де дәрекілеу анатомиясы біз ойлайтындай қисынды емес және Бэконның әртүрлі пәндерге берген атауларының көбі ерекше әдістерде қолданылады. Ойшылдың айтуынша, оның «табиғи магиясы» алхимия мен астрологияның «аңқау және сенгіш түсініктерінен» айрықша бөлектеніп тұруы тиіс. Компасты мысалға келтіргенде оның не туралы айтып тұрғаны мүлде түсініксіз, біз «бұл неге механиканың емес, магияның мәселесі?» деген сұрақ қоя аламыз.

Физика заттардың нақты және материалдық себептерін зерттеумен, ал метафизика ақырғы және формалды себептерді қарастырумен айналысатыны туралы оқығанымызда, жауап өзінен-өзі пайда болады. Қайыққа қозғалыс беретін желкен физика саласына жатады, ал қайыққа



бағыт көрсететін компас метафизика саласында әрекет етеді. Бэкон «метафизика» сөзін жаңа мағынада қолданатынын ашық мойындайды. Басқалар метафизика деп атайтын саланы ол «бірінші философия» немесе «қорытынды философия» деп біледі: «бұл, – дейді ол, – нақты пәндер үшін ерекше емес бүкіл әмбебап принциптер жинақталған қойма». Мысалы, «егер теңге тең емес қосылса, нәтиже тең емес болып шығады» деген аксиоманы, оның ойынша, заңда да, математикада да қолдануға болады.

Бірақ физика мен метафизиканың арасын Аристотельдің төрт себебіне сүйене отырып бөлу өзінен-өзі адастырады. Бэконның табиғи магияға арналған сызбасы телеологияға нақты орын қалдырмайды: «ақырғы себептерді зерттеу, – дейді ол бізге, – Құдайды сүйетін пәк қыз сияқты жеміссіз». Ол «форма» жөнінде айтқанда Аристотельдің субстанциялық формалары туралы, мысалы, арыстан мен судың формасы сияқты, ойланбайды. Себебі, оның пікірінше, олар тым сантүрлі және күрделі, сондықтан бізге көрінбейді. Зерттеудің орнына, біз олардың құрамына кіретін, мысалы, әріптердің сөз құрайтыны сияқты қарапайымдау формалар іздеуіміз қажет. Метафизиканың міндеті – жеке әріптерге сәйкес келетін қарапайымдау формаларды зерттеу:

«Сезімдердің формаларын, өз еркімен қозғалуды, өсімдіктерді, түстерді, ауыр мен жеңілді, тығыз бен сиректі, жылы мен салқынды, сондай-ақ тағы басқа сипаттар мен сапаларды зерттеу, әліпби сияқты, көп емес және қазіргі уақытта барлық тіршілік етушілердің материяда сақталған мәндерінен құралған».

Бэконның қарапайым формалары – Галилей «әлемнің кітабы жазылған әліпби» деп жариялаған математикалық формалармен һәм символдармен салыстырғанда, көмескі белгілер. Алайда ол формалар туралы айтқанда заттардың ашық сыртқы түрі мен әрекетін меңзегісі келген сияқты.

Табиғат философиясы туралы жеткілікті дәрежеде сөз еттік. «Пәннің тағы бір маңызды тармағы – адам философиясы екі бөлімнен тұрады, – дейді Бэкон, – біріншісі адамды жіктеп, екіншісі жинақтап қарастырады». Бірінші бөлім анатомия, физиология және психологияға сәйкес келеді, ал екіншісі қазір әлеуметтік ғылымдар деп атауға болатын салаларды қамтиды. Бэконның егжей-тегжейлі тізбелеуі негізсіз және кездейсоқ болып көрінеді. Дене туралы ғылымдарға медицина, косметика, атлетика және ләззат өнері кіреді, сондай-ақ қалжыңдасып ойнау да сол топқа жатады. Жанды зерттеу – теологияның мәселесі, алайда адам туралы ғылым да бар, ол жанның әрекеттерін зерттейді. Олар екі топқа бөлінеді; түсінуге немесе ақыл-ойға жататын біріншісінің қызметі – пікір қалыптастыру, екіншісі ерік немесе қалауға жатады, оның қызметі – әрекет немесе орындау. Бэконның адам қабілеттерін жіктеуінің алғашқы нұсқасында жоғары орынға ие болған елестету туралы не айтылған екен?

«Сезім елестету арқылы ақыл-ойдың пайымдауына негіз болады және ақыл-ой елестетудің көмегімен пікір қалыптастырады; елестету ылғи да еркін әрекет етеді; Янус сияқты, елестету де екіжүзді: ақыл-ой үшін оның жүзінде ақиқаттың ізі бар, ал әрекет ету бағытында – ізгілік келбетіне ие».

«Бірақ елестету – басқа қабілеттердің жәй ғана қызметшісі емес, – дейді Бэкон сенімді түрде, – ол ақыл-ойды жеңіп те кете алады және діни сенімдерде айқын көрініс табады».

Анық байқалатыны, Бэкон ақыл-ойды әртүрлі бөлімдерден тұратын ерекше бір ішкі қоғам деп түсінді, бұл бөлімдер билік бөлінісін қолдайтын және құрметтейтін Конституцияда бекітілген. Ол әлеуметтік ғылымдарды қарастыруға көшкенде тағы да үш бөлімді – ынтымақтастық, бизнес және үкімет қоғамдастықтарына сәйкес келетін бөлімдерді ұсынады. Саяси теория – азаматтық философияның бөлімі, адам философиясының ол қоғамда өмір сүргенде қандай игіліктерге ие болатынын зерттейтін тармағы.

Өзінің ғылымдарды жіктеуін аяқтай отырып, Бэкон «Мен интеллектуалдық дүниенің шағын глобусын жасап шықтым» деп мақтана алады. Оның көлемді каталогынан орын алған әртүрлі ғылымдардың даму кезеңдері бірдей емес. Олардың кейбірі, ойшылдың пікірінше, дамудың жоғары сатысына жетті, басқалары – жетілмеген, ал кейбірін қазір жоқ деуге де болады. Көне ғылымдардың бірі – логика, ал логиканың кемшіліктері басқа ғылымдарды да әлсіретеді. Мәселе логикада ғылыми жаңалықтың жоқтығында.

Мысалы, егер теңізшінің қырағылығы болмаса, Вест-Индия ешқашан ашылмас еді деген сияқты, бірі – аса көлемді аймақ, екіншісі – шағын әрекет болса да, енді өнертапқыштық пен жаңалықтар ашу өнерін, ғылымдарды ешқашан көрмесек, оған таңғалатын ештеңе жоқ.



Бэкон осы кемшілікті түзетуге және ғылымда зерттеушілерге бағыт-бағдар беретін компас дайындауға бел байлады. Бұл – оның «Жаңа Органон» еңбегі.

Бэкон өзінің ғылыми зерттеулерге реттілік енгізуге бағытталған жобасында зерттеу қызметінің жағымсыз және жағымды жақтарын көрсетеді.

Бірінші жағымсыз бөлік зерттеушінің бақылауларын қателікке ұрындыруы мүмкін факторлардан тұрады. Бэкон олардың арасынан төртеуін сипаттап, «идолдар» деп атайды, себебі олар – бізді ақиқатты зерттеуден алыстататын фетиштер: тайпа идолы, үңгір идолы, базар идолы және театр идолы. Тайпа идолы – бүкіл адам нәсіліне тән алдамшы сенгіштік. Оларға: заттардың үстірт сипаттамалары бойынша олар туралы пікір қалыптастыруға бейімділік, тобырдың наным-сенімінің соңынан еруге бейімділік және табиғатты антроморфты түсіндіруге бейімділік жатады. Апан немесе үңгір идолы – жеке мінез-құлық қасиеттері. Олар объективтілікке кедергі болады: мысалы, кей адамдар тым кертартпа, ал қайсыбіреулер жаңалықтарды қолдануға өте асығып тұрады. Әрбір адамның «табиғаттың сәулесін бұзып, бұрмалайтын өз жеке үңгірі бар». Базар идолы немесе, «алаң идолы», фори идолы – біздің қолданатын тілімізде жасырынған қақпандар, оларда мағынасыз, қосмағыналы және бұлдыр сөздер баршылық. Ақырында, театр идолы – философияның жалған жүйелері, олардың сахналық пьесалардан артық ештеңесі жоқ, мейлі Аристотель секілді «софистикалық» болсын, мейлі қазіргі заманғы алхимиктер сияқты «эмпирикалық» болсын, мейлі неоплатонистер секілді «ырымшылдар» болсын. Олар философияны теологиямен шатастырады.

Зерттеушінің ізгі міндеті – индукция, нақты оқиғаларды жүйелі түрде зерттей отырып, ғылыми заңдар ашу. Табиғатты жеткілікті зерттемей жасалған жалпылама түйін болмас үшін бізге мұқият жүйеленген тәртіп қажет, ол жекелеген жағдайлардан бірте-бірте жалпы сипаты арта түсетін аксиомаларға көтерілуді көрсетеді. Бэкон осы үдерісті басқаруға қажетті жан-жақты ережелер ұсынады.

«Айталық, бізде X деп аталатын құбылыс бар және біз оның ақиқат формасын немесе түсіндірмесін ашқымыз келеді. Біз қатысу кестесін жасауымыз керек, яғни X қатысқанда, олар да қатысатын A, B, C, D пункттерін тізіп шығуымыз қажет. Сонан соң, қатыспау кестесін жасаймыз, X қатыспағанда олар да қатыспайтын E, F, G, H тармақтарын тіземіз. Үшіншіден, дәрежелер кестесін құрастырамыз, X көбірек қатысқанда, J, K, L, M-ның қатысу дәрежесі көбірек және X аз қатысқанда, олардың да қатысу дәрежесі азырақ».

Бұл – әдістің дайындық сатысы ғана. Индукцияның нақты жұмысы X формасы болудан үміткерлерді шығарып тастау үдерісін бастағанда пайда болады. Табысқа жету үшін үміткер қатысу кестесінде баяндалған әр оқиғаға қатысуы тиіс және қатыспау кестесіндегі әр оқиғаға қатыспаған болуы қажет. Бэкон өзінің әдісін жылуды мысалға ала отырып көрсетеді: жылу бар жағдайларды, (мысалы, күннің сәулелері мен шақпақ тастың ұшқындары) және жылу жоқ жағдайларды (Ай мен жұлдыздардың сәулелері сияқты) тізбелейік. Қатыспау кестесінде тізбеленген жағдайларда жарық қатысқандықтан, жарықты жылудың формасы ретінде алып тастай аламыз. Әрі қарай кейбір элиминативті әрекеттер мен дәрежелер кестесін (мысалы, жануарлар көбірек қимылдаған сайын, жылуды да көбірек алады деген үлгісін) қолданып, Бэкон «жылу – қозғалыстың ерекше түрі екен» деген қорытындыға келеді (яғни бұл «бақылаудың көмегімен тежелінетін және ұсақ бөлшектер арқылы жол ашатын белсенді қозғалыс»).

Бэкон «Жаңа Органонда» баяндаймын деп жоспарлаған ұсыныстар сериясын аяқтай алмады, сондықтан оның жүйесі «индукция логикасын» толықтырды деуге болмайды. Әйтсе де, ол заң жасау үдерісінде жағымсыз мысалдар жағымды мысалдарға қарағанда маңыздырақ екенін дәлелдеді. XX ғасырдың философтары табиғат заңдарының толығымен дәлелденуі мүмкін емес, бірақ толығымен бұрмалануы ықтимал екенін алғаш көрсеткен адам болғаны үшін оған лайықты бағасын беруге дайын еді.

Дәл және қайта-қайта жүргізілген бақылаулардың маңыздылығын Бэкон табанды түрде талап етті, сонымен бірге, жаратылыстану бірлесе жасалған ауқымды ізденістердің арқасында ғана ілгерілей алады деп мойындады. Ол дүниеден өткен соң жарық көрген «Жаңа Атлантидада» кеменің экипажы оңтүстік теңіздеріндегі Саломон Үйі деп аталатын мекеме орналасқан аралға тоқтайды. Бұл – ғылымның Бэкон ұсынған утилитарлық идеалын, адамзат тегін жақсарту үшін адамның табиғатқа жүргізіп отырған үстемдігін кеңейтуді мақсат еткен идеалын жүзеге асыру мақсатында ғалымдар бірлесе жұмыс жүргізетін зерттеу институты екен. Олар телефон,



сүңгуір қайық және ұшақ жасауды да жоспарлап отырған көрінеді. Институт президенті оның мақсатын былайша сипаттайды:

«Біздің қорымыздың түпкілікті мақсаты – заттардың себептері мен тылсым қозғалыстарын білу, сонымен қатар, мүмкін нәрсенің бәрін жүзеге асыру үшін адамзат империясының шегараларын кеңейту».

Саломон Үйі утопиялық қиял еді; бірақ нақты әлемде оны үлгі ете отырып құрылған мекеме «Жаңа Атлантида» жазылғаннан отыз жылдан соң Бэконның отандастарының келесі ұрпағы Лондондағы Король Қоғамының негізін қалағанда пайда болды.

Ф. Бэконның ойынша, ғылым салаларында ғасырлар бойы қалыптасып, адамның дүниетанымына кеселін тигізетін нәрселер бар. Ең алдымен оларды сыртқа шығарып әшкерелеу қажет. Сонда ғана жаңа әдістерге жол ашылып, зерттеулердің тиімділігі артады. Сол ғылымдағы кедергілерді Ф. Бэкон «идолдар», я болмаса «елестер» дейді. Олар – төртеу.

Бірінші елес – тектік идолдар. Олар адамның жартылысынан, жалпы табиғатынан шығады. Оны біз қазіргі тілмен «антропоморфизациялау» деп айтар едік. Ол сонау көне заманда пайда болған мифологияға келіп тіреледі. Адам табиғаттағы сырлы құбылыстарды танып-білуге бағытталған кезде, оларды «өзіне ұқсатып» түсіндіруге тырысады. Текті елестер ең тұрақты, оларды толығынан жою мүмкін емес. Ф. Бэконның бұл айтқан ойларын растау үшін мынандай мысал келтірейік. Адамның мыңдаған жылдар бойы арман еткен басқа Дүниелердегі ақыл-оймен, рухпен кездесу қиялы ХХ ғасырда ғарыштан ұшып келген тарелкалар жөніндегі неше түрлі аңыздарды тудырды. Ол қазіргі заманның тудырған мифтері бойынша, ұшып келген тарелкалардың ішінен шыққан пенделер нақ жердегі адамдар сияқты екі аяқты, екі қолды, екі көзді, тек олардың түсі көкшіл екен т.с.с.

Әрине, кең ғарыштың кеңістігінде басқа жұлдыздар аясындағы планеталарда өмір және сол өмірдің биік ғажап шыңы – рух пайда болуы мүмкін. Бірақ ол рухтың иесі тек адам сияқты болуы тіпті қажетті емес. Бірақ адам оны өзіне ұқсатып көргісі келеді... Ал бізге ең жақын орналасқан жұлдыздың қашықтығы 5 сәулелік жыл екенін ескерсек (яғни секундына 360 мың км. жылдамдықпен ұдайы 5 жыл ұшу қажет) және А.Эйнштейннің салыстырмалы теориясына сай ондай жылдамдықтың шеңберінде заттың салмағы күрт өсіп кеңістіктегі алатын орны қысқарып, уақыт баяуласса, онда қайсыбір тіршілік түрі мұндай қашықтықты өте алмайтындығына көзіміз жетеді. Сонымен ғылыми тұрғыдан қарағанда, «тарелка мифінің» орынсыз екенін көруге болады. Міне, бұл – Ф. Бэконның айтқан тектік идолдарының бүгінгі таңдағы бір көрінісі ғана.

Екінші елес – ол үңгір идолы (*idola specus*). «Әрбір адам белгілі бір отбасында, белгілі бір жерде дүниеге келіп, тәрбиеленеді, ересек адамға айналады. Біреу адам түгіл құдай да ұмытқан ауылда екіншісі аудан орталығында, үшіншісі астанада, иә болмаса үлкен қалада туып – тәрбиеленеді. Біреу кедей, екінші ауқатты отбасында өсіп-өнеді, көбінесе соған сәйкес білім алуға, өмірде өз орнын табуға мүмкіндіктер ашылады. Ол адамның болашақ тағдырына өзінің зор ықпалын тигізбей қоймайды. Ол сол өзін қалыптастырған «үңгірден» дүниеге қарайды, ал оның өзі «табиғаттың сәулесін әлсіретіп бұрмалайды», – дейді ұлы ойшыл. Ал бұл елестен құтылу жолы – дүниеден алған жеке тәжірибені жалпыхалықтық тәжірибемен ұштастыру болмақ.

Үшінші – алаң, иә болмаса базар идолы. Олар қарапайым адамдар жиналған жерлерде пайда болады. Оның қайнар көзі зат пен соны көрсететін, бейнелейтін сөзді толығынан теңеу. Ал шынына келсек, сөз – затқа қойылған ат қана. «Сөз көбіне заттың не екенін емес, оның адамдарға деген маңызын ғана көрсетеді», – дейді ұлы ойшыл. Егер сөзді затқа теңесек, онда көбіне біз «жалған даналық» жолына түсіп кетеміз. Бұл елеске берген сыннан біз схоластикалық философияға қарсы бағытталған Ф. Бэконның көзқарасын болжаймыз.

Төртінші, соңғы елес – ол театрлар идолы. Олардың дүниеге келу себебі тарихтағы өмір сүрген даналарға, ұлы тұлғаларға толығынан сену, солардың уақытында жасаған ғылыми тұжырымдамаларын «соңғы өзгермейтін мәңгі ақиқат» ретінде түсіну. Мысалы, белгілі бір мәселе бойынша Аристотель былай деп айтқан, ал сіз Аристотельден де ақылдысыз ба? – деген дау-дамайдан сол адамның «театр идолының» шеңберінде екенін байқаймыз. «Ақиқат беделдің емес, тек өз заманындағы уақыттың қызы», – деп қорытады Ф. Бэкон. Жаңада ғана келмеске кеткен Кеңес заманының негізгі идолы осы «театр идолы» болды емес пе? Тек



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 4. Фрэнсис Бэкон

беделділердің аттары ғана өзгерген жоқ па? Олар К. Маркс, Ф. Энгельс, В.И. Ленин т.с.с. болды. Бүгінгі таңдағы қоғамды демократизациялау, көп пікірлік принципке көшу бұл елестің өмірден кетуіне себеп болуда.

Сонымен жоғарыда көрсетілген идолдар қандай күшті болғанмен, ғылым жолына түскен адам өзінің ақыл-ойын, дүние сезімін олардан тазарту керек деп қорытады ұлы ойшыл. Бұл пікірге толығымен қосылуға болады.